

### **№ 1 Тапсырма**

Науқас фармацевтке бұрын осы аптекада алған ампициллин тригиратын амиоксқа ауыстыруын сұрап өтінішпен келді, өзімен бірге түбіртек қағазы(чек) және амиоксқа рецепті бар.

Қандай әрекет жасайсыз? Түсіндіріңіз.

**Жауабы:** Қазақстан Республикасының 30 желтоқсан 2011 жылғы № 1693 Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы заттарды көтерме және бөлшек саудада босату туралы ережесіне сай.

«Тұтынушылардың құқығын қорғау» туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бұл дәрілік препаратты біз қабылдап ауыстыра алмаймыз.

Дәрілік заттарды алмастыруға жатпайтын себебі кезкелген дәріхана ДЗ сапасы үшін оны тұтынушы сатып алғанға дейін жауапты. Ал барлық Дәрілік заттарды ерекшеліктеріне байланысты сақтау ережелерін ескеріп сақтайды, мысалы, аптекадағы ДЗ арнайы жағдайларда сақтайды: көрсетілген температурасы бойынша, ылғал жерде немесе керісінше құрғақ жағдайда сақтауды қадағалайды. Ал көп жағдайда ДЗ ауыстыруды немесе қайта алуды талап ететін тұтынушы бұл жағдайларды ескермейді. Ал ол дәрілік заттың сапасының дұрыстығына ешкім кепіл бере алмайды.

### **№ 2 Тапсырма**

Аптекаға аннотациясында және қораб сыртында регистрациялық ноері жоқ дәрілік зат келіп түсті. Материалдық жауапкершілігі бар дәріхана адамның іс-әрекерті.

Материалдық жауапкершілігі бар адам қабылдаудан бас тартты, себебі бұл дәрілік зат қабылдау бақылауынан «сипаттама» көрсеткіші бойынша фальцифицирленген болып өткен жок.

Материалдық жауапкершілігі бар адамның әрекеті дұрыс па?

**Жауабы:** Ия, себебі кез келген дәрілік заттың регистрациялық номері болу керек , ол нормативтік құжаттарға сай болады, бул номер жоқ болған жағдайда ол ҚР тіркелмеген заңсыз ДЗ болып табылады. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының 30 желтоқсан 2011 жылғы № 1693 Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы заттарды көтерме және бөлшек саудада босату туралы ережесіне сай .

### **№ 3 Тапсырма**

Келуші фармацевтке мұрынның қабынуына (насморк) қарсы тамшыларына екі рецепт әкелді, олар - эфедрин гидрохлоридінің ерітіндісі: біреуінде келушінің өзіне арналған 20 мл 3%-дық ерітінді, екіншісінде көрші әйелге арналған, ол да дәрігерге қаралған, 20 мл - 6%-дық ерітінді, басқа қосымша ешқандай дәрігерден ақпарат болған жоқ. Фармацевттің әрекеттері. Фармацевт бірінші рецепт бойынша 20 мл ерітіндісі бар флаконды, ал екіншісінен 10 мл жіберді. Науқас түсіндіруін сұрады. Неге солай болғанын түсіндіріңізші. Осы жағдайда қандай нормативтік құжаттар дәрілік заттың босатылу ретін регламенттейді? Рецепт қалай безендірілген болуы керек еді? Жарамдылық мерзімі мен дәріханада сақта луы қалай? Қандай шартпен екінші рецепт бойынша сол мөлшер беріледі? Эфедрин гидрохлоридінің босатылуының нормасы.

**Жауабы:** Қазақстан Республикасының 30 желтоқсан 2011 жылғы № 1693 Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы заттарды көтерме және бөлшек саудада босату туралы ережесіне сай жүргізіледі.

Дәрігер дәрілік затты тағайындағанда дозасын дұрыс белгілемесе, оның бір реттік дозасы жоғары болса дәріхана жұмыскері бұл дәріні жоғары реттік дозасының жартысын босату керек.

**Сроки хранения рецептов на лекарственные средства:**

- 1) отпущенные бесплатно и на льготных условиях - 3 года;

2) прочие, содержащие производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды - 3 месяца

По истечении срока хранения рецепты подлежат уничтожению.

Для уничтожения рецептов создается комиссия в составе руководителя и материально-ответственных лиц аптечной организации.

Рецепт анық және нақты, чернилами немесе шарикті қаламмен, бланктағы барлық графалар толтырулы болу керек. Рецептте түзетулер жіберілмейді. Наркотикалық, психотропты және улы заттар, сонымен қатар А тізіміндегі заттар рецепттің басында жазылады. Сұйық дәрілік заттар саны миллиметр, грамм және тамшымен белгіленеді, ал қалған заттар граммен жазылады. Ереже бойынша қабылданған қысқарту белгілерін қолдануға болады.

Рецепттер типографиялық әдіспен мөрленіп бекітілген формалық бланкта жазылуы керек.

**Бланктың үш түрі қолданылады:** құрамында наркотикалық заттары бар заттарды алуға арналған арнайы рецептуралық бланк (қызғылт түсті), жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға, жалпы босатылатын дәрілік заттар- А 8 форматты рецептуралық бланк.

Рецептуралық бланктың формасына байланыссыз кез келген рецептте келесі негізгі (міндетті) реквизиттер болу қажет:

- ❖ ЕПМ мөрі (ЕПМ аты, мекен-жайы, телефоны).
- ❖ Рецепттің жазылу уақыты.
- ❖ Науқастың аты-жөні, жасы.
- ❖ Дәрігердің аты-жөні.
- ❖ Дәрілік заттардың саны мен атауы (латынша атауы).
- ❖ Қолдану әдісін толық мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жазылуы қажет («Белгілі» және «Ішке» сөздерімен шектелуге болмайды).
- ❖ Дәрігердің жеке мөрі және қолы.

Рецепті қол қойған дәрігер ғана жазып бере алады. Наркотикалық және психотропты дәрілік заттардың санын жазу үлгісімен көрсетеді. Сол рецептуралық бланкіде тек бір дәрілік зат жазуға болады.

Тегін немесе 50% жеңілдікпен алынатын дәрілік заттарға рецептті мемлекеттік және муниципальды емдеу-профилактикалық мекеменің дәрігері жазып береді. Арнайы жағдайларда денсаулық сақтау органдарының басқармасының шешімі бойынша дәрілік затты жеңілдікпен босатуға фельдшер, акушер, және тіс дәрігері жазып бере алады. Жеке тәжірибедегі дәрігерлерге дәрілік заттарды жеңілдікпен босатуға арналған рецептті жазуға құқығы жоқ.

#### **№ 4 Тапсырма**

Сөренің безендірілуінің ережелері.(витрина) Түсіндіріңіз:

Топтар бойынша тауарларды қалай орналастырады? Сөрелерді безендірудің принциптері. Тауарларды орналастырудың қандай композицияларын ұсынасыз? Ценниктің безендірілуі мен орналасуы.

#### **Жауабы: Сөренің безендірілуінің ережелері:**

**Қолжетімділік.**Тұтынушыға ДЗ сөреден алу ыңғайлы болуы керек.

**Рубрикация.**Әр сөреге қарапайым тұтынушыға түсінікті болатындай етіп стил рубрикаторлар орналасу керек . Біздің дәріхананың тұтынушылары өзі іздеген дәрісін дұрыс әрі тез табуы үшін, яғни өз бағытын дұрыс табу үшін. Тауар қаншалықты көп орын алса соншалықты өзіне назар аудартады.

**Бірінші келіп бірінші кету. (FIFO Ережесі).** Осы ережеге сүйене отырып аптекаға бірінші келген тауарды бірінші тұруы керек. Яғни одан кейін келген тауарды оның артына орналастыруымыз қажет бұл бізде тауардың жарамдылық мерзімінің отіп кетуін болдыртпаймыз.

### **Сөренің толымдылығы.**

Дәріханада бос сөрелердің болуына жол бермеу. Сөрелердің бос тұруы тұтынушыда теріс көз қарастың тууна себеп болуы мүмкін. Яғни бұл дәріхана ассортиментінің жеткіліксіз болуы мүмкін, немесе түк жоқ екен деген көз қарасызар туындауы мүмкін.

**Ценникті безендіру мен орналастыру.** Баға ДЗ алудағы негізгі критерий болып табылады. Егер дәріде нақты бағасы көрсетілмеген немесе түсініксіз болса ол тұтынушының кетіп қалуына себеп болады. Сондықтан тауар бағасы нақты әрі тұтынушыға жақсы көрінетіндей етіп орналасу қажет.

Кейбәр қолайсыз жағдайлардың, наразылықтардың тумасы үшін баға нақты қай тауарға бағытталғаны түсінікті, анық болуы керек керек. Сөреге әр түрлі бағамен көрсетілген бір түрдегі препарат орналаспауы керек. Ценник препарат атын, дозасын, упаковканы жауып қалмауы қажет

### **Сөрені жарықтандыру.**

Жарықтандыру препараттарды нақты бөліп көрсету үшін қолдануымызға болады. Ол тұтынушы назарын сол препаратқа аударту үшін керек.

Артынан жарықтандыру тауар объектын азайтып көрсетеді. Ал жанынан жарықтандыру тауар объектын үлкейтеді.

### **№5 Тапсырма**

Дәріханалық киоскінің бастығы тауар қабылдау кезінде марлі бинттерінің топтық қорабы бұзылғанын байқады. Оны ашқан кезде бинттердің кейбіреулері сары түсті екенін көрді. Бастықтың іс-әрекеті. Ол бинттерді қабылдаудан бас тартты. Ол оны қабылдады, өйткені бинтте сәйкестік сертификаты бар. Оның іс-әрекеті дұрыс па? Бұл дефектінің пайда болу себебі қандай? Осы жағдайды регламенттейтін құжаттар қандай? Таңу материалдарын сақтау ережелері.

**Жауабы:** Согласно закону «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV реализовать можно только качественный товар.

«Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы олардың қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда сақтау мен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 1595 Қаулысына сай, Таңу құралдарын құрғақ, желдетілетін үй-жайда тазалықты сақтай отырып шкафтарда, жәшіктерде, сөрелерде, паллеттері бар сөрелерде және тұғырларда сақтайды.

Стерильденген таңу материалдары (бинттер, дәке салфеткалар, мақта) зауыттық ыдыста бүлінбеген алғашқы қаптамада сақталады.

Стерильденбеген таңу материалдары қапталған тығыз қағазға немесе теңдерге (қаптарға) салып, сөрелерде немесе тұғырларда сақталады.

### **№6 Тапсырма**

№ 13 дәріханаға № 6 қалалық аурухананың хирургия бөлімінен талап-накладной № 21 15.06.04 ж. келіп түсті 4 экзemplярдa мыналарға:

- морфин гидрохлориді 1% - 1,0 ерітіндісі № 10 ампулада,
- новокаин 0,5% -5,0 ерітіндісі № 10 ампулада,
- сутегі асқын тотығы 3% -50,0 № 20 флаконда.

Дәріхананың жауап әрекеттерін комментарий жасаңыз. Жауапты негіздеңіз. ЕАМ тауарларды босату реті.

Раствор морфина гидрохлорида 1% 1,0 № 10 в ампулах, выписанный в требовании-накладной, наркотическое средство списка II, «Қазақстан Республикасында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қараша N 1693 қаулысында бекітілген.

Наркотические средства должны выписываться на отдельных бланках требований-накладных.

По требованию-накладной № 21 от 15.06.2002, отпустить раствор морфина гидрохлорида нельзя. Следует предложить правильно оформить требования-накладные.

Отпуск товара из аптеки в ЛПУ производится по доверенностям. На раствор морфина-гидрохлорида 1% 1,0 № 10 должна быть оформлена разовая доверенность, в которой указывается наименование и количество лекарственного средства, подлежащего отпуску.

Срок действия ее 1 месяц. На остальные лекарственные средства оформляется постоянная доверенность, действительная в течение 1 квартала.

### **№ 7 Тапсырма**

Жеке кәсіпкер дәріханалық пункт ашпақшы.

Түсініктеме беріңіз:

- Дәріханалық пунктті қайда ашуға болады ?
- Дәріханалық пунктте қандай бөлме жайлар қарастырылады?
- Дәріханалық пункт ашу үшін қандай жабдық қажет?

**Жауабы:**

1. Аптечный пункт можно открыть и в структуре здания немедицинского назначения, и в структуре поликлинического отделения ЛПУ. В здании должны быть обязательно: центральная система водоснабжения, канализация, отопление и приточно-вытяжная вентиляция.
2. «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 Қаулысында көрсетілген.
3. Аптечный пункт имеет служебные помещения:
  - торговый зал;
  - помещения хранения;
  - помещение приемки и распаковки товара;
  - кабинет руководителя;
  - гардеробную;
  - санузел.
4. Для открытия аптечного пункта необходимо следующее оборудование:
  - застекленные горизонтальные и вертикальные витрины, световой эффект обеспечивающие хороший просмотр выложенных товаров;
  - кассовый аппарат;
  - шкафы для хранения лекарственных средств и изделий медицинского назначения;

- холодильник для хранения термолабильных лекарственных средств;
- рабочий стол и стул;
- шкаф для отдельного хранения санитарно-гигиенической и верхней одежды, обуви;
- гигрометр.

В аптечном пункте должны быть обеспечены условия для сохранности товарно-материальных ценностей, санитарно-гигиенические условия труда, а также условия безопасной работы. На рабочем месте должна быть инструкция по охране труда и технике безопасности.

Аптечный пункт должен иметь вывеску с названием, объявление о режиме работы.

### **№ 8 Тапсырма**

Дәріхана директоры, материалдық бөлмелерді аралап жүріп, шкафта бір сөреде қатар глицерині бар штанглар, калий перманганаты, винилинді аңғарды. Директор бөлім меңгерушісіне сақтау ережелерінің орындалмауы туралы ескерту жасады.

Регламенттеуші құжат және жарылу қауіпі бар дәрілік заттарды сақтау ережелерін көрсетіңіз.

**Жауабы:** Директордың ескертуі орынды, себебі «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы олардың қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда сақтау мен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 1595 Қаулысында көрсетілген.

*Жеңіл тұтанғыш және жанғыш дәрілік заттарды:*

1) лық толтырылған ыдыста сақтауға болмайды. Толтыру дәрежесі көлемнің 90 пайызынан аспауы тиіс. Үлкен мөлшердегі спирттер металл ыдыстарда сақталады, оларды көлемнің 95 пайыздан аспайтындай етіп толтырады.

2) минералды қышқылдармен (күкірт, азот және басқа қышқылдармен), тығыздалған және сұйытылған газдармен, жеңіл жанатын заттармен, сондай-ақ органикалық заттармен қосылғанда жарылғыш қауіпі бар қоспалар (калий хлораты, калий перманганаты) беретін органикалық емес тұздармен бірге сақтауға жол берілмейді.

36. Жанғыш және жарылғыш қауіпі бар заттар қалың қабатты сыйымдылықтарда (бөтелкелерде, банкілерде, барабандарда) сақталуы керек, қажет болған жағдайда тығындар парафинделуге тиіс.

37. Медициналық эфир мен наркозға арналған эфирді фабрикалық қаптамада, қараңғы салқын жерде, отпен жылыту аспаптарынан алыста сақтайды.

38. Кальций гипохлориді аммиак және аммоний тұздарынан бөлек сақталуы тиіс.

39. Жеңіл тұтанғыш сұйықтарды сақтауда ыдыстың жай-күйін, оның тұмшаланғандығы мен дұрыстығын тұрақты бақылап отыру керек. Бастапқы қаптаманың бұзылғаны байқалған жағдайда дереу ондағы затты басқа ыдысқа қайта құяды.

40. Жеңіл тұтанғыш сұйықтардан босаған ыдысты біраз уақыт жақсы желдетілген үй-жайда немесе көшеде ашық қалдырған жөн.

41. Жарылғыш қауіпі бар дәрілік заттарға жарылыс пайда болуына бейім дәрілік заттар жатады.

Жарылғыш қауіпі бар дәрілік заттарды оқшау қоймада өртке қарсы қабырғалармен және бөліктермен бөлінген арнайы үй-жайларда (бөліктерде) сақтайды.

42. Жарылғыш қауіпі бар дәрілік заттарды сақтаған кезде олардың жарылыс туғызуы

мүмкін шаңмен ластануына қарсы шараларды қолдану керек.

43. Калий перманганатын арнаулы бөліктерде, қаңылтыр контейнерлерде, жұмыс орындарында - тығындары сүртілген штангластарда сақтау жүзеге асырылады.

Күкіртпен, органикалық майлармен, эфирлермен, спиртпен, глицеринмен, органикалық қышқылдармен және органикалық заттармен, сондай-ақ жеңіл тұтанғыш және жанғыш заттармен бірге сақтауға болмайды.

44. Нитроглицерин ерітіндісін шағын, жақсы тығындалған шыны немесе металл контейнерлерде оттан сақтай отырып салқын, қараңғы жерде сақтайды. Нитроглицеринмен жұмысты теріге тигенде улануды және нитроглицерин төгілгенде туындайтын жарылысты болдырмау мақсатында ерекше сақтықпен жүргізу қажет.

45. Эфирді сақтаған жағдайда (әсіресе ауа кірген жағдайда) қышқылдану туғызады, олар сілкігенде, ұрылғанда, үйкелгенде немесе температура артқан жағдайда жарылыс туғызуы мүмкін, сондықтан бұл жұмыс ерекше сақтықпен жүргізіледі.

46. Жарылғыш қаупі және жанғыш қаупі бар заттарды қышқылдармен және сілтілік заттармен бірге сақтауға болмайды.

47. Азот және күкірт қышқылдарын сақтаған кезде олардың ағашпен, сабанмен және басқа органикалық заттармен жанасуына жол бермейтін шаралар қабылданады.

48. Жарылғыш қаупі және жанғыш қаупі бар заттарды сақтау үй-жайларында от жағуға рұқсат етілмейді.

## №9 Тапсырма

Дәріханаға алдында дәрі алып кеткен адам дәрі қаптамасын басқасына ауыстыруын сұрады өйткені оның бетіндегі маркировкасы анық емес; сақталған чегі бар.

Дәрілік затты сату ережелерін және дәрілік заттар маркировкасы сұрақтарын регламенттеуші құжатты көрсетіңіз.

### Жауабы:

- ✓ «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 Қаулысына,
- ✓ «Дәрі-дәрмектік заттар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 8 қаңтардағы N 3Өкіміне,
- ✓ «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы таңбалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1692 Қаулысына негізделген. Фармацевт анық емес таңбалану кезінде ДЗ ауыстырып береді.

### *Дәрілік заттарды таңбалау тәртібі*

29. Жеке дайындалған дәрілік препараттарды ресімдеуге арналған затбелгілерде мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) дәріхананың атауы;
- 2) дәріхананың орналасқан жері (заңды мекенжайы);
- 3) рецептінің нөмірі;
- 4) науқастың тегі, аты, әкесінің аты;
- 5) осы Қағидалардың 28, 29 және 30-тармақтарына сәйкес дәрілік нысаны мен қолдану тәсіліне қарай белгісі;
- 6) қолданудың егжей-тегжей тәсілі:  
микстуралар үшін: " \_\_\_\_\_ қасықтан күніне \_\_\_\_\_ рет \_\_\_\_\_ тамаққа дейін (тамақтан кейін),  
ішуге арналған тамшыдәрілер үшін: " \_\_\_\_\_ тамшыдан күніне \_\_\_\_\_ рет \_\_\_\_\_ тамаққа дейін (тамақтан кейін);  
ұнтақтар үшін: " \_\_\_\_\_ ұнтақтан күніне \_\_\_\_\_ рет \_\_\_\_\_ тамаққа (тамақтан) дейін

(кейін);

көзге арналған тамшыдәрілер үшін: " \_\_\_\_\_ тамшыдан күніне \_\_\_\_\_ көзге \_\_\_\_\_ рет;  
басқа дәрілік нысандар үшін, сондай-ақ сыртқа қолданылатын дәрілік нысандар үшін, қолдану тәсілін көрсету үшін орын қалдырылуы тиіс;

7) дайындалған күні;

8) сақтау мерзімі (күн саны);

9) бағасы;

10) "Балалардан сақтаңыз" ескерту жазбасы.

### **№ 10 Тапсырма**

Дәріханаға жұмысқа келіп фармацевт гардеробқа өтті, пальтосын, сырттан келген аяқ киімін шешті, санитарлық киімін киді.

Провизор-аналитик фармацевтке қызметкердің жеке бас гигиенасына талаптардың бұзылғаны үшін ескерту жасады.

Қандай нормативті құжатқа провизор-аналитик жүгінді? Дәріхана қызметкерінің жеке гигиенасына талаптар қандай?

**Жауабы:** Провизор-аналитиктің ескертпесі дұрыс, себебі "Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 91 Қаулысының «Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен

медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілердегі персоналдың еңбек, тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына» сүйенеді. Дәріханаға кіргеннен кейін гардеробныйға сыртқы киім мен аяқ киімді шешуі, қолды жуып және дезинфекциялауы, санитарлық киім мен санитарлық аяқ киімді киюі керек. Дәретханаға кірер алдында міндетті түрде халатты шешуі тиіс.

### **№ 11 Тапсырма**

Тұтынушы теофедрин таблеткасын дәрігердің рецептінсіз босатуды сұрайды. Фармацевт препаратты рецептсіз босатудан бас тартты. Осы дұрыс па?

Түсіндіріңіз:

- осы препаратты дәріханадан босату тәртібін;
- рецептуралық бланктың формасын;
- рецепті безендіруді;
- әсер ету мерзімін;
- сақтау мерзімін.

Осындай препараттардың есебі қандай журналда жүргізіледі?

**Жауабы:**

1. Фармацевттікі дұрыс, себебі теофедрин –рецептімен босатылатын дәрілік препарат, күшті әсер етуші заттарға жатады.
2. Рецептуралық бланктың формасы № 130 у
3. Толтырылуы тиіс:
  - ЕАҰ штапымен;

- Дәрігердің қолы және жеке мөрімен;
- «Рецепттер үшін» ЕАҰ мөрімен;

Жарамдылық мерзімі 10 күн

Дәріханада 1 жыл сақтау керек.

«Заттық-сандық есеп Журналына» алынады..

Заттық-сандық есепте тұрады..

## **№ 12 Тапсырма**

Фармацевт дәрілік затты босатты, бірақ тұтынушы оған берілген дәрінің этикеткасында оның фамилиясы жазылмағандығын айтып, қайтып келді.

Мұндай жағдайда фармацевт не істеуі керек?

Дәріханада қандай міндетті бақылау түрі жүргізілмеген және аталған бақылау түрін жүргізу тәртібі қандай? Дәріханаішілік бақылауды қандай құжат регламенттейді?

**Жауабы:** Фармацевт кешірім сұрап, тұтынушыдан атына рецепт жазылған науқастың фамилиясын сұрап, тиісті дәріні босатуы керек. Дәріханада дәріні босату кезінде міндетті болып табылатын босату кезіндегі бақылау жүргізілмеген (немесе тиісті жүргізілмеген).

«Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 114 Қаулысымен регламенттеледі.

### *Босату кезіндегі бақылау*

Дәріханаларда дайындалған барлық дәрілік препараттар, оның ішінде гомеопатикалық препараттар босату кезінде бақылауға алынады.

Босату кезінде бақылау жүргізуге:

- 1) оның құрамына кіретін дәрілік заттардың физикалық-химиялық қасиеттеріне дәрілік препараттардың қаптамасының;
- 2) рецептіде көрсетілген дозалардың, оның ішінде жоғары бір реттік доза, жоғары тәуліктік доза, науқас жасына қарай дәрілік препараттарының;
- 3) рецептідегі нөмірлер және заттаңбадағы нөмірлерінің;
- 4) түбіртектегі науқастың аты-жөні, заттаңбадағы және рецептідегі аты-жөнінің;
- 5) Қазақстан Республикасының [заннымасымен](#) белгіленген талаптарға ресімдеу сәйкестігін тексеру қоса алынады.

Дәрілік препараттарды медициналық ұйымдарға босату кезінде мынадай тиісті ескертпе жазулардың ресімделуіне ерекше назар аударылады: емдік клизмаларға арналған ерітінділерде - «Клизмаға арналған», дезинфекцияға арналған ерітінділерде - «Дезинфекцияға арналған», «Абайлап қолданыңыз!»; балалар бөлімшелеріне босатылатын барлық дәрілік препараттарға - «Балалар үшін» деген ескертпе жазу болуы тиіс.

Босату кезінде бақылауды жүзеге асыратын адам рецептiнiң (талаптың) келесі бетіне қолын қояды.



### №13 Тапсырма

Фармацевтпен дәріханада дайындалған құрамында рибофлавині бар көз тамшылары босатылды. Бірнеше уақыттан кейін тұтынушы қайта келді де, бұрын әрқашан сары түсті тамшыларды алатындығын, ал бұл жолы олар түссіз екендігін айтты.

Неге осылай болды? Бұл жағдайда фармацевт не істеуі қажет? Дәріханада қандай міндетті бақылау түрі жүргізілмеген және аталған бақылау түрін жүргізу тәртібі қандай?

Дәріханаішілік бақылауды қандай құжат регламенттейді?

Дәріханада физикалық бақылау жүргізу тәртібі туралы айтыңыз.

**Жауабы:** Фармацевт тұтынушыдан кешірім сұрауы тиіс және оған сапалы сары түсті рибофлавині бар тамшыларды босатуы тиіс. Мұндай фармацевттің мұқиятсыздығынан туындайды. Ол рибофлавинсіз көз тамшыларын жасаған. Сонымен бірге дәріханада міндетті болатын органолептикалық бақылау жүргізілмеген.

«Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 114 Қаулысымен регламенттеледі.

#### *Органолептикалық бақылау*

Органолептикалық бақылау дәрілік препаратты, оның ішінде гомеопатикалық препаратты: сыртқы түрі, түсі, иісі, бір тектілігі, ерітінділердегі көзге көрінетін механикалық қосылулардың болмауы көрсеткіштері бойынша тексеруді білдіреді.

Ішуге арналған дәрілік препараттар дәміне қарай ересектер үшін ішінара және балалар үшін міндетті түрде тексеріледі.

Ұнтақтардың, гомеопатикалық тритурациялардың, жақпамайлардың, пилюльдердің, суппозиторийлердің біртектілігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясы (бұдан әрі – ҚР МФ) талаптарына сәйкес бір текті салмағын дозаға бөлгенге дейін тексеріледі. Тексеру әр фармацевте жұмыс күні ішінде дәрілік препараттардың әртүрлі түрлерін есепке ала отырып, ішінара жүзеге асырылады.

#### *Физикалық бақылау*

Физикалық бақылау дәрілік препараттың жалпы салмағын немесе көлемін, аталған дәрілік препараттарға кіретін жекелеген дозалардың (бірақ үш дозадан кем емес) саны мен салмағын тексеруді білдіреді.

Мыналар:

1) дәріханада өнеркәсіптік өнімдер мен дәріханаішілік дайындаманың үш-бес қаптамасы мөлшерінде өлшеп-ораудың әрбір сериясы, оның ішінде гомеопатикалық дәрілік препараттарды, (оның ішінде гомеопатикалық) өлшеп-орау, дәрілік препараттарды дайындау кезінде рұқсат берілетін ауытқу нормалары, дәріханада өнеркәсіптік өнімдерді өлшеп-орау кезінде жол берілетін ауытқу нормаларын сақтау мәні;

2) жеке рецептілер (талаптар) бойынша дайындалған дәрілік препараттар, жұмыс күні ішінде әртүрлі түрлерін есепке ала отырып, ішінара бірақ бір күнде дайындалған дәрілік препараттар мөлшерінің үш пайызынан кем емес дәрілік препараттар;

3) нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес өлшенген белгілі бір салмақтағы гомеопатикалық түйіршіктер саны;

4) зарарсыздандыруды талап ететін дәрілік препараттардың әрбір сериясы өлшеп-орағаннан кейін оларды зарарсыздандырғанға дейін бес сауыттан (бөтелкеден) кем емес мөлшерде механикалық қосылулар (ерітіндіде кездейсоқ болатын газ көпіршіктерінен басқа ерімейтін қозғалыстағы заттар) физикалық бақыланады.

Дайындау үдерісінде ерітінділер механикалық қосылулар бастапқы және қайталама бақылауға ұшырайды:

1) бастапқы бақылауды ерітінді сүзгіден өткізілгеннен кейін және өлшеп-орағаннан кейін жүзеге асырады. Бұл ретте ерітіндісі бар әрбір бөтелке немесе сауыт қаралады. Механикалық қосылулар анықталған кезде ерітінді қайтадан сүзгіден өткізіледі, тығындалады, қайтадан қаралады, таңбаланады және зарарсыздандырылады.

Асептикалық жағдайда дайындалған ерітінділер құйылғаннан кейін немесе зарарсыздандырылып сүзгіден өткізілгеннен кейін бір рет қаралады;

2) ресімдеу және қаптамалау алдында зарарсыздандыру сатысынан өткен ерітінділер бар барлық бөтелкелер мен сауыттар қайталама бақылауға жатады.

Бөтелкені (сауытты) қарау үшін дәріхананың рецептілік-өндірістік бөлімінде күн сәулесінің тікелей түсуінен қорғалған, арнайы жұмыс орны құрылады, мұнда «Ерітінділерде механикалық ластанулардың болмауын бақылауға арналған құрылғы» аспабы орнатылады. Оның тоқ көзінен көзге жарықтың тікелей түсуін болдырмайтындай жарық түсірілген ақ-қара экранды қолдануға рұқсат беріледі.

Бақылау ерітіндіні көзге байқалмайтын алпыс ватт электрлі күнгірт шаммен немесе жиырма ватт күндізгі жарық шамымен жарық түсірілетін қара және ақ түс аясында қарау жолымен провизор-технолог жүзеге асырады. Боялған ерітінділер үшін тиісінше жүз және отыз ватт болуға тиіс. Көз бен қаралатын объект арасындағы арақашықтық жиырма-отыз сантиметр, ал жарықты бағыттауға қарау оптикалық осінің бұрышы шамамен тоқсан градус болуы тиіс. Көру сызығы басты тік ұстау қалпында төменге бағытталуы тиіс.

Қаралатын бөтелкелер мен сауыттардың беті сырт жағынан таза және құрғақ болуы тиіс.

Бөтелкелер немесе сауыттар көлеміне қарай бірден бес данаға дейін бір мезгілде қаралады. Бөтелкелерді немесе сауыттарды бір немесе екі қолмен мойнынан ұстап, бақылау аймағына кіргізеді, баяу қимылмен «түбін жоғары қарату» қалпында аударды және қара мен ақ түстер аясында қарайды. Одан кейін сілкімей баяу қимылмен бастапқы «түбін төмен қарату» қалпында қайта аударды, қара және ақ түстер аясында қарайды.

Бақылау уақыты тиісінше:

- 1) сыйымдылығы жүз - бес жүз миллилитр бөтелкелер (сауыттар) үшін 20 секундты;
- 2) сыйымдылығы елу – бір жүз миллилитр екі бөтелке (сауыт) үшін 10 секундты;
- 3) сыйымдылығы елу миллилитр екіден беске дейін бөтелкелер (сауыттар) сегіз-он секундты құрайды.

Көрсетілген бақылау уақытына қосалқы операцияларға жіберілген уақыт шығыны қосылмайды.

Механикалық қосылулардың болуы бойынша жарамсыз деп танылған бөтелкелерді немесе сауыттарды іріктейді және бөлек арнайы ыдысқа салады. Оларды ашады және ішіндегі ерітінділерді төгеді.

## **№14 Тапсырма**

Провизор-аналитик 16<sup>00</sup> дейін жұмыс істеді. Ол жоқ уақытта, 17<sup>00</sup> де көз тамшыларына рецепт түсті: бор қышқылымен мырыш сульфатымен ерітінді. Тамшылар дайындалды және босатылды. Келесі күні провизор-аналитик жазбаша бақылау паспортын қарап, фармацевттерге ескерту жасады: егер олар дайындалған көз тамшыларын босатуды шешсе, онда толық химиялық бақылау жүргізуі тиіс еді.

Кімдікі дұрыс? Бұл жағдайды қандай құжат регламенттейді? Дәріханада дайындалған қандай дәрілік заттар міндетті толық химиялық бақылауға ұшырайды? Дәріханада жазбаша бақылау жүргізу тәртібі қандай?

**Жауабы:** Провизор-аналитиктікі бұл жағдайда дұрыс емес, себебі бор қышқылы +мырыш сульфаты ерітінділерінен дайындалған көз тамшыларына химиялық бақылау жүргізу міндетті емес.

«Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 114 Қаулысымен регламенттеледі.

#### *Толық химиялық бақылау*

Мыналар міндетті түрде толық химиялық (сапалық және сандық) бақылауға алынады:

1) қышқылдық-сілітілік баланс шамасының (рН) анықтамасын, изотоникалайтын және тұрақтандыратын заттарды қоса алғанда, зарарсыздандырылғанға дейін инъекциялар мен инфузияға арналған ерітінділер.

Зарарсыздандырылғаннан кейін бақылау үшін әрбір сериядан бір сауыт алынады және қышқылдық-сілітілік баланс өлшемі, әсер етуші заттардың түпнұсқалығы мен сандық құрамы тексеріледі;

2) сыртқа қолдануға арналған зарарсыздандырылған ерітінділер (шаюға арналған офтальмологиялық ерітінділер, дененің күйген беттері мен ашық жараларды емдеуге арналған ерітінділер, қынап ішіне енгізуге арналған және басқа да ерітінділер);

3) құрамында изотоникалайтын және тұрақтандыратын заттары бар екендігі зарарсыздандыруға дейін анықталатын көзтамшылары мен жақпамайлар;

4) нәрестелерге арналған дәрілік препараттар (сандық талдау әдісі болмаған жағдайда, бұл дәрілік препараттар сапалық талдауға алынуы тиіс).

Нәрестелерге арналған сапалық және сандық талдау әдістемелері жоқ, дәрілік заттардың құрамы бойынша күрделі дайындаудың айрықша жағдай ретінде провизор-талдаушының немесе провизор-технологтың бақылауымен жүргізіледі;

5) атропин сульфаты мен хлорлы сутегі қышқылы (ішуге арналған), сынап хлориді мен күміс нитраты ерітінділері;

6) барлық концентраттар, жартылай фабрикаттар, тритурациялар, оның ішінде органикалық емес және органикалық дәрілік заттарды сұйық гомеопатикалық қоспалары мен үшінші, оныншы қосылуға дейінгі олардың тритурациялары.

Сапалық және сандық талдау әдістемелері жоқ, гомеопатикалық дәрілік заттарды дайындау айрықша жағдай ретінде провизор-талдаушының немесе провизор-технологтың бақылауымен жүргізіледі;

7) дәрілік препараттардың дәріханаішілік дайындамалары (әрбір сериясы);

8) инъекцияларға арналған ерітінділерді дайындағанда қолданылатын тұрақтандырғыштар мен көзтамшыларын дайындағанда қолданылатын буферлік ерітінділер;

9) дәріханада қосу кезінде, ал қажет болған жағдайда өнім беруіші қоймасынан қабылдау кезінде тығыздығын анықтау жолымен этиль спиртінің концентрациясы;

10) сулы-спиртті гомеопатикалық ерітінділерде, қоспалар мен тамшыларда этиль спиртінің концентрациясы (әрбір сериясы);

11) гомеопатиялық түйіршіктердің ыдырауына (әрбір сериясы).

Мыналар: жеке рецептілер немесе медициналық ұйымдар талаптары бойынша дәріханада дайындалатын дәрілік препараттар барлық дайындалған дәрілік препараттардың түрлер есепке ала отырып бір ауысым жұмысындағы үш дәрілік препараттардан кем емес көлемде іріктелген толық химиялық (сапалық және сандық) бақылауға алынады. Көз практикасында балаларға қолданылатын дәрілік препараттарға, құрамында есірткі, психотроптық және улы заттар, прекурсорлар және улы заттары бар емдік клизмаға арналған ерітінділерге айрықша назар аударылады.

Тоқсан сайын тазартылған суға толық химиялық талдау жүргізіледі.

## *Жазбаша бақылау*

Дәрілік препараттарды рецептілер және медициналық ұйымдардың талаптары бойынша дайындаған жағдайда бақылау парағы толтырылады. Бақылау парағында дайындалған күні, көрсетілген рецептінің медициналық ұйым бөлімшесінің атауы, талаптың нөмірі, алынған дәрілік заттардың атауы, олардың саны, жалпы көлемі немесе салмағы, доза саны, дәрілік препаратты дайындаушының, өлшеп салушының және тексерушінің қолдары көрсетілуі тиіс.

Бақылау парағында есірткі құралдары, улы, психотроптық заттар, прекурсорлар атауының асты қызыл қарындашпен сызылады, балаларға арналған дәрілік препараттарға - «Б» әрпі қойылады.

Бақылау парағы дәрілік препараттар дайындалғаннан кейін дайындау технологиясының бірізділігіне сәйкес латын тілінде толтырылады. Гомеопатикалық дәрілік препараттарға бақылау парағын толтыру кезінде кезең-кезеңмен алынған гомеопатикалық ингредиенттердің атауы көрсетіледі.

Бақылау парағында жартылай фабрикаттар мен концентраттарды қолданған жағдайда олардың құрамы, концентрациясы, алынған көлемі немесе салмағы көрсетіледі. Ұнтақтарды, суппозиторийлердің және пилюльді дайындау кезінде жалпы салмағы, саны және жеке дозалардың салмағы көрсетіледі. Пилюльдің немесе суппозиторийлердің жалпы салмағы, көз тамшыларына қосылған изотоникалайтын және тұрақтандыратын заттардың концентрациясы мен көлемі (немесе салмағы), инъекциялық және инфузиялық арналған ерітінділер бақылау парақтарында ғана емес, сонымен қатар рецептілерде көрсетілуі тиіс.

Барлық есептеулер дәрілік препараттарды дайындағанға дейін жүргізіледі және бақылау парағының келесі бетіне жазылады.

Бақылау парағында есептеу формулалары, сонымен қатар дәрілік өсімдік шикізаты үшін қолданылған судың сіңірілу коэффициенттері, дәрілік заттарды еріту кезінде ерітінді көлемінің ұлғаю коэффициенттерін, суппозиторийлерді дайындау кезінде орнын алмастыру коэффициенттерін көрсету қажет.

Бақылау парағын, егер дәрілік препараттарды бір адам дайындап және босатса міндетті түрде жүргізеді. Бұл жағдайда бақылау парағы дәрілік препараттарды дайындау үдерісінде толтырылады.

Бақылау парақтары дәрілік препарат дайындалған күнінен бастап бір ай бойы дәріханада сақталады.

Дайындалған дәрілік препараттар, рецептілер мен толтырылған бақылау парақтары дәрілік препараттарды дайындау және босату технологияларын сақтау бойынша бақылау функцияларын атқаратын провизор-технологқа тексеруге беріледі. Бақылау бақылау парағындағы жазбалардың, рецептідегі жазбаға сәйкестігін, жүргізілген есептеулердің дұрыстығын тексеруді білдіреді.

Егер провизор-талдаушы дәрілік препараттың сапасына толық бақылау жүргізсе, онда бақылау парағына талдау нөмірі мен провизор-талдаушының қолы қойылады.

### **№ 15 Тапсырма**

«Точкаға» тиесілі дәріханалық пунктке тұтынушы келді және бұрын сатып алынған таблетка түріндегі парацетамолды әкеп, оны панадолға ауыстыруын өтінді. Фармацевт ойланбастан келісіп, қосымша ақы төлеуді ұсынды. Егде жастағы әйел димедрол таблеткасын босатуды сұрап, оған дәрігер ұйқы алдында таблетка түрінде қабылдауды ұсынғанын айтты. Фармацевт оның өтініші бойынша димедрол таблеткасын босатты.

Екі жағдайда да фармацевт дұрыс жасады ма?

Бұл жағдайларды қандай құжаттар регламенттейді?

Дәріханалық киоск бойынша негізгі ережелерді (стандартты) айтыңыз.

**Жауабы:**

- ✓ Бірінші жағдайда фармацевт тұтынушыдан ДЗ кері қайтарып ала алмайды, себебі «Дәрілік заттар қайтарылмайды және ауыстырылмайды». «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 Қаулысында көрсетілген.
- ✓ Екінші жағдайда фармацевт дәрігердің рецептінің димедролды босата алмайды. Тіпті димедрол дәріханалық киоскінің ассортиментінде болмауы тиіс. Себебі, димедрол «Рецептісіз босатылатын дәрілік заттар тізбесінде» көрсетілмеген.
  - «Рецептісіз босатылатын дәрілік заттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті төрағасының 2002 жылғы 27 тамыздағы N 110 бұйрығы. Күші жойылды.
  - «Дәрілік заттарды рецептімен немесе рецептісіз өткізуге жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1460 Қаулысы

✓ *Дәріханалық киоск*

«Дәрілік заттар қайтарылмайды және ауыстырылмайды». «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 Қаулысында көрсетілген.

Дәріхана киоскілерінде дәрігердің рецептісіз босатылатын дәрілік заттар сатылады.

Дәріхананың, дәріхана пунктін, дәріхана киоскісінің, сондай-ақ медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкенінің және оптика дүкенінің мемлекеттік және орыс тілдерінде фармацевтикалық объектінің атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны мен жұмыс тәртібі көрсетілген маңдайшасы болуы керек. Халықтың танысуы үшін ыңғайлы жерде:

- 1) мемлекеттік лицензия мен оған қосымшалардың көшірмелері;
- 2) фармацевтикалық бақылау басқармаларының (бөлімдерінің) телефондары мен мекен-жайлары туралы ақпарат;
- 3) сын-пікірлер мен ұсыныстар кітабы;
- 4) фармацевтикалық анықтама қызметінің телефон нөмірлері туралы ақпарат;
- 5) дәріханада дайындалатын дәрілік препараттардың сақтау мерзімдері туралы ақпарат;
- 6) "Дәрілік заттар балаларға босатылмайды" деген сипаттағы ақпарат орналастырылуы тиіс.

Дәріхананың, дәріхана пунктін, дәріхана киоскісінің, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкенінің мен оптика дүкенінің дәрілік заттардың айналымын реттейтін анықтамалық әдебиеттері, нормативтік құқықтық кесімдері болуы тиіс.

Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкенінің проспектілері, каталогтары, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдалану мен қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығы болуы керек.

Дәріхананың, дәріхана пунктін, дәріхана киоскісінің құрамын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен шұғыл жағдайларда бастапқы медициналық көмек көрсету үшін алғашқы көмектің дәрі қобдишасы болуы керек.

Дәріхананың, дәріхана пунктін, дәріхана киоскісінің, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен оптика дүкенінің басшысы сатылатын дәрілік

заттардың, медициналық техниканың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасын қамтамасыз етеді.

Дәріхананың, дәріхана пунктiнiң, дәріхана киоскісінің, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен оптика дүкендерінің әр қызметкеріне лауазымдық нұсқаулық әзірленуі тиіс.

Дәріхана, дәріхана пунктi және дәріхана киоскісі жоқ аудан орталығынан алыс ауылдық жерлерде дәрілік заттарды сатуды Қазақстан Республикасының [заңнамасында](#) белгіленген тәртіппен фельдшерлік-акушерлік пункттер (немесе басқа да медициналық ұйымдар) арқылы жүзеге асыруға болады.

## **№ 16 Тапсырма**

Жұмыс күнінің ортасында провизор-технолог дәрілік заттарды дайындап жатқан фармацевтке келіп, жұмыс күні басында осы фармацевтпен дайындалған құрамында наркотикалық заттары бар дәрілік қалыптарға сауалнамалық бақылау жүргізуді ұйғарды. Фармацевт осы уақыт аралығында ондаған (десятка два) дәрілік заттарды дайындағанын, аталған дәрілік қалыпты қалай дайындағанын ұмытып қалғандығын айтып, жауап беруден бас тартты.

Кімдікі дұрыс? Аталған жағдайды қандай құжат регламенттейді?

Дәріханада сауалнамалық бақылау жүргізу тәртібі қандай? Дәріханада қабылдау үшін бақылау жүргізу тәртібі туралы айтыңыз.

**Жауабы:** Жауап беруден бас тартқан фармацевт дұрыс жасады, себебі сауалнамалық бақылау фармацевтпен дайындалған дәрілік қалыптардың бестен кем емес кезінде жүргізіледі.

«Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 114 Қаулысымен регламенттеледі.

### *.Сұрау бақылауы*

Сұрау бақылауы ішінара қолданылады және фармацевт бестен аспайтын дәрілік препараттарды дайындағаннан кейін жүргізіледі.

Сұрау бақылауын жүргізген кезде провизор-технолог дәрілік препараттың бастапқы құрамына кіретін затты атайды, ал күрделі құрамды дәрілік препараттарда, сонымен қатар оның санын көрсетеді, одан кейін фармацевт барлық алынған дәрілік заттарды және олардың санын атайды. Жартылай фабрикаттарды (концентраттарды) қолданған кезде, фармацевт олардың құрамы мен концентрациясында атайды.

*Дәрілік препараттарды дайындау үшін пайдаланылатын бастапқы материалдарды қабылдау бақылауын жүргізу*

15. Қабылдау бақылауы дәріханаға сапасыз дәрілік субстанциялардың және дәрілік препараттарды дайындау кезінде пайдаланатын қосалқы материалдардың түсуінің алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Қабылдау бақылауы өнім партиясын сипаттайтын құжаттаманы (тауар-тасымалдау жүк құжаты, нормативтік құжат талаптарына дәрілік субстанциялар мен қосалқы материалдардың сәйкестігін растайтын құжат), ілеспе құжаттамада көрсетілген сериялармен дәрілік субстанцияларды және қосалқы материалдар үлгілеріндегі сериялардың сәйкес келуін, тасымалдау және сақтау шарттарының сақталуын, сондай-ақ дәрілік субстанциялардың: «Қаптама», «Таңбалау», «Сипаты» көрсеткіштері бойынша сәйкестігін тексеруді білдіреді.

Дәрілік субстанциялардың қауіпсіздігі мен сапасы қорытындыны берген ұйымның ілеспе құжаттарында нөмірі және қолданылу мерзімі көрсетіле отырып немесе белгіленген үлгідегі көшірмесімен бірге алып жүру жолымен өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы туралы

қорытындысымен расталады.

Қосалқы заттардың сапасы мен қауіпсіздігі ілесіп келеді құжаттарда [сәйкестік сертификатының](#) сериясын және нөмірін, оны берген органды және қолданылу мерзімін көрсетумен немесе белгіленген үлгідегі көшірмесін бірге алып жүру жолымен расталады.

«Қаптама», «Таңбалау», «Сипаттама» көрсеткіштері бойынша қабылдау бақылауы мынадай түрде жүргізіледі:

1) «Қаптама» көрсеткіші бойынша оның тұтастығына және дәрілік субстанциялар мен қосалқы заттардың физикалық-химиялық қасиеттеріне сәйкестігіне ерекше назар аударылады;

2) «Таңбалау» көрсеткіші бойынша дәрілік субстанциялар мен қосалқы заттардың ресімделуінің Қазақстан Республикасының [заңнамасында](#) белгіленген талаптарға сәйкестігіне назар аударылады;

3) «Сипаттама» көрсеткіші бойынша сыртқы түрін, түсін, иісін тексеруге назар аударылады.

16. Көрсеткіштердің бірі бойынша дәрілік субстанциялар мен қосалқы заттардың сапасына күдік туындаған жағдайда үлгілері аккредиттелген сынақ зертханасына жіберіледі. «Қабылдау бақылауы кезінде жарамсыз деп танылды» деген белгі қойылған дәрілік субстанциялар мен қосалқы заттар талдау нәтижесі алынғанға дейін дәріханада басқа шығатын материалдардан оқшау сақталады.

### **№ 17 Тапсырма**

Тұтынушы фармацевтке құрамына бірнеше фармакологиялық белсенді дәрілік заттар, оның ішінде кодеин кіретін жеке дайындаудағы дәрілік затқа рецептті көрсетті. Рецепт 130у рецептуралық бланкісіне жазылған, жоғары бір реттік дозасы аспаған және II Тізімде мұндай комбинирленген препарат жоқ. Фармацевт арнайы бланк қажет екендігіне сүйеніп, рецептті қабылдаудан бас тартты. Тұтынушы дәріхана басшысына шағымданды, ол фармацевтті рецептті қабылдауға мәжбүрледі.

